

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

**КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМ  
«Д. СЕРІКБАЕВ атындағы ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ТЕХНИКАЛЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІ»**

**FOUNDATION**



**БЕКІТЕМІН:**

«Д. Серікбаев атындағы Шығыс  
Қазақстан техникалық университеті»  
КЕАҚ Басқарма төрағасы – Ректор  
Ж. Шаймарданов  
«28» «ақпан» 2022 ж.

**«ЛИДЕР «ЖАС ТАЛАП-KZ»»  
ОҚУШЫЛАР ОЛИМПИАДАСЫ ТУРАЛЫ  
ЕРЕЖЕ**

Өскемен қаласы  
2022 ж.

<b>Коммерциялық емес акционерлік қоғам</b> <b>«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті»</b>	
<b>Е «ШҚТУ» КеАҚ 067-П-2022 «Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ» КеАҚ «Лидер «ЖАС ТАЛАП-KZ»» оқушылар олимпиадасы туралы ереже</b>	<b>Стр. 2 из 15</b>

Ереже ҚР «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-ІІІ Заңының негізінде әзірленді (01.01.2022 ж. өзгерістер мен толықтырулармен).

## Мазмұны

<b>1. Жалпы ережелер</b>	4
<b>2. Олимпиаданың негізгі мақсаттары мен міндеттері</b>	4
<b>3. Олимпиада қатысушылары</b>	4
<b>4. Бірінші бағыт бойынша олимпиаданы өткізу тәртібі</b>	5
<b>5. Екінші бағыт бойынша олимпиаданы өткізу тәртібі</b>	6
<b>6. Олимпиаданың ұйымдастыру-әдістемелік қамтамасыз етілуі</b>	8
<b>7. Қорытындылау және марапаттау</b>	9
<b>8. Қаржыландыру</b>	10
<b>1-қосымша – Байқауға қатысуға өтінім үлгісі</b>	11
<b>2-қосымша – Автор мен жетекші туралы ақпарат</b>	12
<b>3-қосымша – Жобаның титулдық бетін жобалау үлгісі</b>	13
<b>4-қосымша – Жобаның сипаттамасы</b>	14
<b>5-қосымша – Өзгерістерді тіркеу парағы</b>	15

<b>Коммерциялық емес акционерлік қоғам</b> <b>«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті»</b>	
Е «ШҚТУ» КеАҚ 067-П-2022 «Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ» КеАҚ «Лидер «ЖАС ТАЛАП-KZ»» оқушылар олимпиадасы туралы ереже	Стр. 4 из 15

## **1. Жалпы ережелер**

1. «Лидер «Жас Талап – KZ»» оқушылар олимпиадасы туралы осы Ережені (бұдан әрі-Олимпиада) «Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» КеАҚ Foundation (бұдан әрі-ШҚТУ) әзірледі. Ұйымдастыру-әдістемелік қамтамасыз ету, жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтау тәртібін анықтайды.

2. «Лидер «Жас талап – KZ»» оқушылар олимпиадасын Д.Серікбаев атындағы ШҚТУ Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасымен бірге өткізеді.

3. Олимпиада екі бағытта өтеді: 1) мамандандырылған пәндер бойынша олимпиада, әр пән бойынша: 9-11 сынып оқушыларына арналған физика, математика, география, бейнелеу өнері және сызу; 2) Шығыс Қазақстан облысының колледж студенттері мен 11 сынып оқушыларына арналған «ЖАС ТАЛАП» ғылыми жобалар байқауы.

4. «ЖАС ТАЛАП» ғылыми жобалар конкурсы – бұл ашылуларға, өнертабыстарға, зерттеулерге, практикалық маңызы бар және мемлекеттің экономикалық, әлеуметтік және мәдени дамуына ықпал ететін әзірлемелердің жаңалығымен және өзектілігімен ерекшеленетін үздік инновациялық жобалар.

## **2. Олимпиаданың негізгі мақсаттары мен міндеттері**

5. Олимпиаданың міндеттері:

1) оқушылардың шығармашылық қабілетін және зерттеушілік қызметке қызығушылығын анықтау және дамыту;

2) жастарды ғылым мен өнертапқыштыққа баулу, өнертабыстың кәсіп ретіндегі маңыздылығын арттыру, стартаптарды ынталандыру;

3) дарынды балаларды қолдау үшін қажетті жағдайларды жасау;

4) жастар арасында ғылыми білімді тарату және танымал ету;

5) жеке тұлғаны қалыптастырудың алғашқы кезеңіндегі жастарға кәсіптік бағдар беру.

6. Олимпиаданың міндеттері:

1) ЖОО мамандықтарына бағытталған мамандандырылған пәндер бойынша оқыту;

2) Олимпиадаларға, түрлі деңгейдегі жарыстар мен бәсекелестіктерге дайындық;

3) Қазақстан Республикасында ғылым мен білімді насихаттау;

4) жоғары оқу орындарында білім алуды жалғастыруға бағыттай отырып, неғұрлым талантты және даярланған оқушыларды анықтау болып табылады.

## **3. Олимпиада қатысушылары**

7. Олимпиаданың ұйымдастырушысы – Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ, сондай-ақ бірлескен ұйымдастырушылар (қажет болған жағдайда).

<b>Коммерциялық емес акционерлік қоғам</b> <b>«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті»</b>	
Е «ШҚТУ» КеАҚ 067-П-2022 «Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ» КеАҚ «Лидер «ЖАС ТАЛАП-KZ»» оқушылар олимпиадасы туралы ереже	Стр. 5 из 15

8. Олимпиадаға бірінші бағыт бойынша ерікті негізде 9, 10 және 11 – сынып оқушылары – орта білімнің жалпы білім беру бағдарламаларын меңгеретін тұлғалар; екінші бағыт бойынша 11-сынып оқушылары мен колледж білім алушылары қатысады.

9. Олимпиадаға Қазақстан Республикасының азаматтары, шетел азаматтары, сондай-ақ азаматтығы жоқ тұлғалар қатыса алады.

10. Олимпиаданы өткізу үшін жыл сайын ұйымдастыру-әдістемелік комиссиясы және олимпиаданың қазылар алқасы құрылады.

11. Олимпиаданың ұйымдастыру-әдістемелік комиссиясының төрағасы бірінші бағыт бойынша академиялық мәселелер жөніндегі басқарма мүшесі-проректор, ал екінші бағыт бойынша ғылыми-зерттеу қызметі және цифрландыру жөніндегі проректор болып табылады.

12. Бірінші бағыт бойынша олимпиадаға қатысушылардың жұмыстарын тексеру үшін әр пән бойынша Д.Серікбаев атындағы ШҚТУ профессорлары мен оқытушыларынан құралған қазылар алқасы құрылады. Қазылар алқасының тобында әр пән бойынша төраға тағайындалады.

13. Екінші бағыт бойынша олимпиадаға қатысушылардың жұмыстарын тексеру үшін Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ профессорларынан қазылар алқасы құрылады, төраға тағайындалады.

#### **4. Бірінші бағыт бойынша олимпиаданы өткізу тәртібі**

14. Бірінші бағыт бойынша Олимпиада екі кезеңде өткізіледі: 1 – кезең – іріктеу-әр пән бойынша жеке On-line тестілеу, 2-кезең – Д.Серікбаев атындағы ШҚТУ базасында.

15. Олимпиада кезеңдерін өткізу мерзімі олимпиаданы өткізу регламентімен (бұдан әрі – Регламент) анықталады және Д.Серікбаев атындағы ШҚТУ ресми сайтында жарияланады [www.ektu.kz](http://www.ektu.kz).

16. Олимпиадаға қатысушы Д.Серікбаев атындағы ШҚТУ ресми сайтында [www.ektu.kz](http://www.ektu.kz) «Талапкер 2022» бөлімінде Регламентте белгіленген мерзімде жеке тіркелуі тиіс.

17. Барлық пәндер бойынша бірыңғай өткізу тәртібі белгіленеді.

##### **Іріктеу кезеңі:**

1) On-line тестілеу әр пән бойынша жеке өткізіледі.

2) Іріктеу кезеңінің тапсырмалары ұсынылған бес нұсқаның біреуін таңдай отырып, жабық сұрақтар түрінде әрбір бейіндік пән бойынша 20 тестілік, әртүрлі деңгейлік сұрақтардан тұрады.

3) Тапсырмалар тест түрінде әзірленеді және қатысушылардың мынадай біліктер мен дағдыларды қолдануын көздейді: өз бетінше ойлана және қорытынды жасай білу; фактілерді салыстыра білу және олардың арасындағы байланысты анықтай білу; практикалық міндеттерді шешу үшін нақты өмірде меңгерілген білімдер мен қызмет тәсілдерін пайдалана білу; әртүрлі ақпарат көздерімен (сызбалармен, диаграммалармен, кестелермен, математикалық және статистикалық

<b>Коммерциялық емес акционерлік қоғам</b> <b>«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті»</b>	
Е «ШҚТУ» КеАҚ 067-П-2022 «Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ» КеАҚ «Лидер «ЖАС ТАЛАП-KZ»» оқушылар олимпиадасы туралы ереже	Стр. 6 из 15

дереккөздердің мәтіндерімен, иллюстрациялық материалдармен) жұмыс істей білу; арнайы терминологияны меңгеру.

4) Тестілеуге тестілеу басталған сәттен бастап «География» және «Бейнелеу өнері және сызу» пәндері үшін 1 (бір) сағат, «Математика» және «Физика» пәндері үшін 2 (екі) сағат беріледі. Тестілеу аяқталғаннан кейін әрбір қатысушының қорытынды нәтижесі есептеледі және монитор экранында көрсетіледі. Конкурса қатысу үшін қатысушы 100-ден кем дегенде 70 балл жинауы керек.

5) Қорытынды ведомость Олимпиаданың 1-кезеңінің мерзімі аяқталғаннан кейін Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ сайтында [www.ektu.kz](http://www.ektu.kz) «Талапкер 2022» бөлімінде жарияланады.

6) Апелляция қарастырылмайды, Олимпиада ұйымдастырушысы барлық құқықтарды өзіне қалдырады.

#### **Күндізгі кезең:**

1) Іріктеу кезеңінде 70 және одан да көп балл жинаған 9,10,11-сынып оқушылары жіберіледі.

2) Екінші күндізгі кезеңді өткізу кезінде аудиторияға кіруге ұйымдастыру-әдістемелік комиссия мүшелері және тиісті пән бойынша олимпиаданың қазылар алқасы рұқсат береді. Олимпиадаға өзге тұлғалардың ұйымдастыру-әдістемелік комиссия төрағасының рұқсатынсыз қатысуына жол берілмейді.

3) Конкурсанттардың дербес деректеріне байланысты ақпараттың құпиялылығы талаптарын сақтау мақсатында әрбір қатысушыға жеке шифр беріледі және Олимпиада жұмыстарын тексеру жұмыстың авторлығын белгілеуді болдырмайтын түрде жүргізіледі. Олимпиаданың барлық қатысушылары әрбір бейіндік пән бойынша бірдей тапсырмаларды орындайды.

4) Тапсырмаларды шешуге қойылатын талаптар: конкурса қатысушылар тапсырмаларды жеке шешуі тиіс; жұмысты ұқыпты ресімдеуі тиіс; тапсырмаларға жауаптар нақты, түсінікті және толық көлемде қалыптастырылуы тиіс.

5) Олимпиада аяқталғаннан кейін жазбаша жұмыстар тексеру үшін қазылар алқасының уәкілетті мүшесіне тапсырылады.

6) Олимпиадалық жұмыстарды тексеруді тек оқу корпусының үй-жайларында және тиісті пән бойынша қазылар алқасының мүшелері ғана жүргізеді.

7) Олимпиада жұмыстары 6 ай бойы сақталады.

18. Олимпиаданың қорытындылары екінші кезеңге қатысушының жеке нәтижелері бойынша шығарылады.

### **5. Екінші бағыт бойынша олимпиаданы өткізу тәртібі**

19. Екінші бағыт бойынша Олимпиада екі турда өткізіледі. Бірінші турда ұйымдастыру-әдістемелік комиссия өтінімдердің қойылатын талаптарға сәйкестігін тексереді. Екінші турда жобалар ұсынылады және қазылар алқасы оларды бағалайды. Конкурс қорытындылары бойынша шешім жобалардың критериалдық көрсеткіштері үшін баллдарды есептеу нәтижелері бойынша қабылданады және хаттамамен ресімделеді.

<b>Коммерциялық емес акционерлік қоғам</b> <b>«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті»</b>	
Е «ШҚТУ» КеАҚ 067-П-2022 «Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ» КеАҚ «Лидер «ЖАС ТАЛАП-KZ»» оқушылар олимпиадасы туралы ереже	Стр. 7 из 15

20. Олимпиада турларын өткізу мерзімі олимпиаданы өткізу регламентімен (бұдан әрі – Регламент) анықталады және Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ ресми сайтында жарияланады [www.ektu.kz](http://www.ektu.kz).

21. Олимпиадаға қатысушы Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ ресми сайтында [www.ektu.kz](http://www.ektu.kz) «Талапкер 2022» бөлімінде Регламентте белгіленген мерзімде жеке тіркелуі тиіс.

22. Екінші бағыт бойынша олимпиадаға қатысу үшін мемлекеттік немесе орыс тілінде басып шығарылған ұйымдастыру-әдістемелік комиссияның жобасын бір данада ұсыну қажет. Автор конкурсқа өзінің қатысуымен авторлық құқықтардың сақталуын растайды.

Папканың бет жағында жобаның атауы, автордың аты-жөні, лауазымы (курсын, мамандығын көрсету), байланыс деректері көрсетілуі тиіс. Жоба жеке-дара немесе осы конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптарға сәйкес келетін орындаушылар ұжымымен ұсынылуы мүмкін. Беру нысаны мен мерзіміне қатысты талаптарды бұза отырып ресімделген өтінімдер қарауға қабылданбайды.

Өтінімде ұсынылған ақпаратқа қатысты авторлық құқықтардың, мемлекеттік және коммерциялық құпиялардың сақталуы үшін жауапкершілік толығымен қатысушыға жүктеледі.

Жоба мыналарды қамтиды:

- 1) құжаттар тізімдемесі;
- 2) конкурсқа қатысуға өтініш (өтінім) (1-қосымша);
- 3) автор және жетекші туралы мәліметтер (2-қосымша);
- 4) жобаның мақсаттары мен міндеттері, орындалу мерзімдері, зерттеу әдістемесі, күтілетін нәтижелер, коммерциялық әлеует және жобаның іске асырылуы, одан әрі пайдалану перспективалары, күтілетін әлеуметтік-экономикалық және экологиялық тиімділік баяндалатын жобаның түсіндірме жазбасын қамтиды.

Түсіндірме жазбаның титулдық парағы 3-қосымшаға сәйкес ресімделеді, оған автор және жоба жетекшісі қол қояды.

Түсіндірме жазбаның және аннотацияның электрондық нұсқалары дискіде беріледі. Электрондық нұсқа MS Word форматында, А4 форматында (210x297 мм), бір интервал арқылы, Times new Roman қарпі, 12 кегль, жиектері: сол жақта – 30 мм, қалғандары - 20 мм орындалуы тиіс. Көлемі – қосымшаларды есептемегенде 7 беттен артық емес.

5) жобаның атауын, жетекшінің ТАӘ, лауазымын (колледжде білім алушы үшін курс, мамандық көрсетіледі), түйінді сөздерді (15-тен көп емес), қысқаша мазмұны мен күтілетін нәтижелерді қамтитын мемлекеттік және орыс тілдеріндегі қысқаша аннотация (1-бетте);

6) жоба тақырыбы бойынша негізгі (5 данаға дейін) жарияланымдардың (мақалалардың) көшірмелері (бар болса);

7) конкурстарға, конференцияларға, семинарларға және т.б. қатысу қорытындылары бойынша сертификаттар, наградалар, дипломдар, грамоталардың көшірмелері (болған жағдайда, соңғы 2 жылда).

Ережеде көрсетілген мерзімнен кейін конкурсқа түскен өтінімдер қаралмайды.

<b>Коммерциялық емес акционерлік қоғам</b> <b>«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті»</b>	
Е «ШҚТУ» КеАҚ 067-П-2022 «Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ» КеАҚ «Лидер «ЖАС ТАЛАП-KZ»» оқушылар олимпиадасы туралы ереже	Стр. 8 из 15

23. Конкурстық іріктеу критерийлері:

- 1) өзектілігі және әзірлеу қажеттілігінің негіздемесі, жобаның инновациялық құрамдасы-1 баллға дейін;
  - 2) жобаның жүзеге асырылуы, коммерциялық әлеуеті және іске асырылуы (оны іске асыру мүмкіндігі, орындалуы) - 2 баллға дейін;
  - 3) тиімділік (оңтайлы қаржы ресурстарын тарта отырып, жобаны шектеулі уақыт шеңберінде іске асыру мүмкіндігі) 1 баллға дейін;
  - 4) қандай да бір проблеманы шешуде 2 баллға дейін әзірлеудің артықшылықтары (техникалық шешім, әлеуметтік және экономикалық маңыздылығы);
  - 5) ізденушінің біліктілігі (Жарияланымдар деңгейін, қазақстандық және халықаралық конкурстардың дипломдарын, сыйлықтарды, патенттерді және т. б. қоса алғанда) - 2 баллға дейін;
  - 6) зерттеулер мен әзірлемелердің нәтижелерін практикалық іске асыру, ғылымды қажетсінетін өнімді (немесе қызметтерді) құру мүмкіндіктері, күтілетін нәтижелердің бәсекеге қабілеттілігі-2 баллға дейін;
  - 7) Тәжірибелік үлгінің немесе модельдің болуы, іске асырылған әрекеттердің болуы - 2 баллға дейін;
  - 8) қатысушының харизмасы, сендіре білуі, комиссия мүшелерінің сұрақтарына жауап бере білуі – 1 баллға дейін;
  - 9) таныстыру дағдылары – 1 баллға дейін;
  - 10) презентацияның мазмұндылығы – 1 баллға дейін.
- Олимпиаданың екінші бағытына қатысушылардың конкурстық материалдары балмен бағаланады. Ең жоғарғы саны-15 балл.

## **6. Олимпиаданың ұйымдастыру-әдістемелік қамтамасыз етілуі**

24. Ұйымдастыру-әдістемелік комиссиясының төрағасы мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- 1) ұйымдастыру-әдістемелік комиссияның құрамын және қазылар алқасының мүшелерін бекітеді;
- 2) қазылар алқасы мүшелерінен әрбір пәндік топқа төрағаларды тағайындайды;
- 3) ағымдағы жылға арналған Олимпиаданы өткізу регламентін бекітеді;
- 4) Олимпиада жеңімпаздары мен жүлдегерлерінің тізімін бекітеді.

25. Ұйымдастыру-әдістемелік комиссиясы келесі функцияларды жүзеге асырады:

- 1) жыл сайын олимпиаданы өткізу туралы ережені қарайды және қажет болған жағдайда түзетулер енгізеді;
- 2) жыл сайын олимпиада регламентін әзірлейді;
- 3) Олимпиада іс-шараларын тікелей өткізуді жүзеге асырады;
- 4) пәндер бойынша олимпиадалық тапсырмалардың материалдарын әзірлейді және дайындайды;
- 5) пәндер бойынша орындалған олимпиадалық тапсырмаларды бағалау критерийлері мен әдістемелерін айқындайды;



<b>Коммерциялық емес акционерлік қоғам</b> <b>«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті»</b>	
Е «ШҚТУ» КеАҚ 067-П-2022 «Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ» КеАҚ «Лидер «ЖАС ТАЛАП-KZ»» оқушылар олимпиадасы туралы ереже	Стр. 9 из 15

6) Олимпиаданы өткізу барысы мен нәтижелері туралы ақпаратты Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ ресми сайтына орналастыру үшін ұсынады;

7) Олимпиаданы өткізуді жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізеді;

8) Олимпиаданы өткізу мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған өзге де функцияларды жүзеге асырады.

26. Олимпиаданың қазылар алқасы келесі функцияларды жүзеге асырады:

1) Олимпиадаға қатысушылардың жұмыстарын тексереді, олимпиадаға қатысушылардың сынақтарының басқа түрлерін бағалайды;

2) Олимпиада өткізілгеннен кейін сол күні Ұйымдастыру комитетіне ведомость пен белгіленген үлгідегі хаттаманы ұсынады;

3) ұйымдастыру-әдістемелік комиссияға пәндер бойынша олимпиада жеңімпаздары мен жүлдегерлерінің дипломдарын беру бойынша ұсыныстар береді;

4) Олимпиаданы өткізуді жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізеді;

5) Олимпиаданы өткізу мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған өзге де функцияларды жүзеге асырады.

27. Ұйымдастырушылар, қазылар алқасы мен ұйымдастыру-әдістемелік комиссия мүшелері кәсібилік, заңдылық, жариялылық, ашықтық, объективтілік және гуманизм принциптерін басшылыққа алады.

## **7. Қорытындылау және марапаттау**

28. 9, 10, 11 сынып оқушылары арасындағы Олимпиаданың жеңімпаздары мен жүлдегерлері олимпиаданың күндізгі кезеңінің қатысушылары арасынан анықталады.

29. Олимпиаданың жеңімпаздары мен жүлдегерлері олимпиаданың нәтижелері бойынша анықталады. 1 дәрежелі дипломдармен марапатталған олимпиада қатысушылары олимпиаданың жеңімпаздары болып саналады. Олимпиаданың жүлдегерлері 2 және 3 дәрежелі дипломдармен марапатталған олимпиада қатысушылары болып саналады.

30. Олимпиаданың нәтижелері шекті балл жинаған талапкерлер Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ-ға және Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ Жоғары ІТ-колледжіне шығындарды толық өтеумен жасалған шарттар бойынша 1 курсқа түскен кезде ескеріледі:

1) Жеңімпаздар мен жүлдегерлер мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша конкурсқа қатысуға құқылы.

2) 11 сынып оқушылары арасындағы олимпиада жеңімпаздарына – I дәрежелі диплом және университеттің білім беру бағдарламаларының ішінен таңдалған ББ бойынша бүкіл оқу кезеңі үшін 100% төлем мөлшерінде жеңілдік.

II орын үшін – II дәрежелі диплом және университеттің білім беру бағдарламаларының ішінен таңдалған ББ бойынша бірінші оқу жылы үшін төлемнің 50% мөлшерінде жеңілдік.

III орын үшін – III дәрежелі диплом және университеттің білім беру бағдарламаларының ішінен таңдалған ББ бойынша бірінші оқу жылы үшін төлемнің 25% мөлшерінде жеңілдік.

<b>Коммерциялық емес акционерлік қоғам</b> <b>«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті»</b>	
Е «ШҚТУ» КеАҚ 067-П-2022 «Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ» КеАҚ «Лидер «ЖАС ТАЛАП-KZ»» оқушылар олимпиадасы туралы ереже	<b>Стр. 10 из 15</b>

3) 10 сынып оқушылары арасындағы Олимпиада жеңімпаздары I дәрежелі диплом және «ПАЙДАЛЫ ДЕМАЛЫС» атты кәсіптік бағдар беру-білім беру жобасының бір маусымына тегін жолдама алады. Жүлдегерлер II және III дәрежелі дипломдармен марапатталады, «ПАЙДАЛЫ ДЕМАЛЫС» жобасының бір маусымы үшін төлемнің 50% мөлшерінде жеңілдік алады.

4) 9 сынып оқушылары арасындағы олимпиада жеңімпаздарына – I дәрежелі диплом және колледж мамандықтары қатарынан таңдаған мамандығы бойынша бүкіл оқу кезеңі үшін 100% төлем мөлшерінде жеңілдік.

II орын үшін – II дәрежелі диплом және колледж мамандықтарының ішінен таңдалған мамандық бойынша оқудың бірінші жылы үшін 50% мөлшерінде жеңілдік.

III орын үшін – III дәрежелі диплом және колледж мамандықтарының ішінен таңдалған мамандық бойынша оқудың бірінші жылы үшін төлемнің 25% мөлшерінде жеңілдік.

31. Олимпиаданың жеңімпаздары мен жүлдегерлері университет дипломдарымен марапатталады. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер дипломдарының түпнұсқаларына олимпиаданың ұйымдастыру-әдістемелік комиссиясының төрағасы қол қояды, оларға Д.Серікбаев атындағы ШҚТУ мөрі қойылады. Дипломдарды тапсыру Олимпиада Регламентінде белгіленген мерзімде жүзеге асырылады.

32. Жоғары нәтиже көрсеткен, бірақ жеңімпаздар мен жүлдегерлер қатарына кірмеген олимпиада қатысушылары ұйымдастыру-әдістемелік комиссияның шешімі бойынша мақтау қағаздарымен және/немесе сыйлықтармен марапатталады.

## **8. Қаржыландыру**

33. Қатысушылардың жол жүру шығыстары жіберуші білім беру ұйымдары немесе демеушілік қаражат есебінен жүзеге асырылады.

<b>Коммерциялық емес акционерлік қоғам</b> <b>«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті»</b>	
Е «ШҚТУ» КеАҚ 067-П-2022 «Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ» КеАҚ «Лидер «ЖАС ТАЛАП-KZ»» оқушылар олимпиадасы туралы ереже	Стр. 11 из 15

1-Қосымша

### Байқауға қатысуға өтінім үлгісі

Тіркеу нөмірі \_\_\_\_\_

Тіркелу күні \_\_\_\_\_

### «ЛИДЕР «ЖАС ТАЛАП-KZ» олимпиадасына қатысуға мектеп оқушысынан ӨТІНІМ

Мен, \_\_\_\_\_, «ЛИДЕР ЖАС ТАЛАП-KZ» мектеп оқушыларына арналған олимпиада туралы ережені оқып, Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті өткізетін екінші бағыт бойынша олимпиадаға («ЖАС ТАЛАП» ғылыми жобалар конкурсы) қатысуымды сұраймын.

**Қосымша:** байқауға қатысу үшін құжаттар \_\_\_\_\_ парақта.

**Байқауға қатысушының аты-жөні, (колледж білім алушылары үшін курс, мамандықты көрсетіледі)**

\_\_\_\_\_  
(ҚОЛЫ)

Толтырылған күн « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ жыл

### Автор мен жетекші туралы ақпарат

<b>Автор:</b> аты-жөні, қызметі, (колледж білім алушылары үшін курс, мамандық көрсетіледі) <b>Жоба жетекшісі:</b> (толық аты-жөні), ғылыми атағы және дәрежесі	
Мекеменің атауы (облысты толық атау, қаланы, ауданды, ауылды, мектептің атын, көшесін) көрсетіңіз	
Колледж білім алушыларына оқу курсы, мамандығы	
Тұрғылықты мекен-жайы	
Жоба авторының байланыс телефоны	
Жоба жетекшісінің байланыс телефоны	
E-mail	
Байқаудың жұмыс тақырыбы	

Ескерту: барлық тармақтарды міндетті түрде толтырыңыз.

Колледж/мектеп директоры \_\_\_\_\_ (Аты-жөні)  
 Жоба жетекшісі \_\_\_\_\_ (Аты-жөні)  
 Жұмыстың авторы \_\_\_\_\_ (Аты-жөні)

<b>Коммерциялық емес акционерлік қоғам</b> <b>«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті»</b>	
Е «ШҚТУ» КеАҚ 067-П-2022 «Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ» КеАҚ «Лидер «ЖАС ТАЛАП-KZ»» оқушылар олимпиадасы туралы ереже	<b>Стр. 13 из 15</b>

3-Қосымша

### **Жобаның титулдық бетін жобалау үлгісі**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

Колледж/мектеп \_\_\_\_\_

Жоба тақырыбы:

**«Атауы»**

Жобаның авторы

Аты-жөні, мамандығы, курсы

Жетекші

Аты-жөні, қызметі

Өскемен қ., 20 \_\_\_\_ж

<b>Коммерциялық емес акционерлік қоғам</b> <b>«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті»</b>	
Е «ШҚТУ» КеАҚ 067-П-2022 «Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ» КеАҚ «Лидер «ЖАС ТАЛАП-KZ»» оқушылар олимпиадасы туралы ереже	<b>Стр. 14 из 15</b>

4-Қосымша

### **Жобаның сипаттамасы**

**1. Жоба тақырыбының атауы;**

**2. Жобаның мақсаты мен міндеттері;**

Жобаның мақсаты мен міндеттері қысқаша және нақты түрде баяндалып, жоба тақырыбына сәйкес келуі керек.

**3. Орындау мерзімі;**

**4. Жобаның түйіндемесі:** (іргелі, қолданбалы зерттеулер, тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар). Бөлімде Жобаның нәтижелері әлеуетті тұтынушылар қажеттіліктерге бағытталған зерттеудің өзектілігін сипаттайтын, қолданылған әдістеме, күтілетін нәтижелер және олардың қолданылуы, Жобаның қысқаша мазмұны (250 сөзден аспай) көрсетілуі керек.

